


*Оқу дайындығын анықтайтын тест
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

Сыни ойлау

1.



А, В - бүтін сандар және $m = A \cdot B$, $n = 10(A + B)$ болса, А және В шамаларын салыстырғанда

A) $n \leq m$

B) $n = m$

C) $n < m$

D) $n \geq m$

E) $n > m$

2.

2А	3В	4С
2т	3бц	4400кг

А, В, С шамаларын салыстырғанда

A) $C < B < A$

B) $A < C < B$

C) $B < A < C$

D) $A < B < C$

E) $B < C < A$

3. $a = 15 \cdot \sqrt{81}$

$b = 25 \cdot \sqrt{25}$

$c = 21 \cdot \sqrt{36}$

Мәндерін салыстырыңыз

A) $a > c > b$

B) $a < b < c$

C) $b > a > c$

D) $a < c < b$

E) $a > b > c$

4. Үшбұрыштың бірінші қабырғасы периметрдің 45,6 пайызын, екінші қабырғасы 26,3 пайызын құраса, үшіншісі құрайтын пайыз мөлшері

A) 28,1

B) 38,1

C) 35,5

D) 29


E) 18,2

5. $5x + 27 = 8x + 6$ теңдеуіндегі x шамасының 20% -ы
- A) 1,6
 - B) 1,4
 - C) 1,7
 - D) 1,8
 - E) 1,5
6. Шаршының қабырғасы a –ға тең. Оның қабырғасын алтыға арттырған кездегі ауданын бастапқы ауданға қосқандағы мәні
- A) $4a^2 + 8a + 4$
 - B) $2a^2 + 12a + 36$
 - C) $2a^2 + 6a$
 - D) $2a^2 + 24a + 12$
 - E) $2a^2 + 12a$
7. Жамбыл облысында мемлекеттік 24 музыкалық үйірме бар. Оның $1/6$ бөлігі домбыра үйірмесіне арналса, $1/3$ бөлігі скрипкаға арналған. Қалғаны вокалға арналған. Жамбыл облысында домбыраға арналған мемлекеттік үйірме саны
- A) 6
 - B) 4
 - C) 8
 - D) 10
 - E) 7
8. Машина 1 сағатта 150 км жол жүреді. 3 сағатта жолдың $2/5$ бөлігін жүріп өтті. Қалған жолдың ұзындығы
- A) 675 км
 - B) 680 км
 - C) 690 км
 - D) 685 км
 - E) 670 км
9. 15 литр шелекпен $1/3$ бөлігі суға толы контейнерге тағы да су құйғанда контейнер жартылай суға толы болды. Контейнердің жалпы көлемі
- A) 80 л
 - B) 70 л
 - C) 60 л
 - D) 100 л
 - E) 90 л
10. $\frac{1}{x} = 7$ болса, $2 - \frac{7x^2+1}{7x^2}$ өрнегінің мәні
- A) 1
 - B) -6
 - C) 3
 - D) 0
 - E) 5

11. 64 м жіпті 3 бөлікке бөледі. Ең ұзын бөлігі ең кіші бөлігінен 4 есе үлкен. Ортаншы бөлігі екі еселенген кіші бөлігінен 100 см артық. Ең ұзын бөлігінің ұзындығы

- A) 9 м
- B) 24 м
- C) 36 м
- D) 19 м
- E) 18 м


12.



Суреттегі x және y мәндерін салыстырғанда

- A) $x = y$
- B) $x \geq y$
- C) $x > y$
- D) $x < y$
- E) $x \leq y$


13.



Боялған бөліктің ауданы a болса, боялмаған бөліктің ауданы

- A) $6a$
- B) $4a$
- C) $7a$
- D) $5a$
- E) $3a$

14.



Боялған бөліктің ауданы $24a$ болса, боялмаған бөліктің ауданы

- A) $10a$
- B) $15a$
- C) $18a$
- D) $12a$
- E) $13a$

15.




Диаграмма көрсеткішінен мәліметтер медианасы

- A) 345
- B) 325
- C) 355
- D) 315
- E) 335

Аналитикалық ойлау

16. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз.

Аққайың – ежелден ... символы. Әйелдерге көп көмектеседі. Оларға қайың шырынын ішу денсаулыққа өте пайдалы саналады.

- A) ер азаматтардың
- B) жас нәрестелердің
- C) ата-аналардың
- D) жас жеткіншектердің
- E) нәзік жандылардың

17. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз.

«Тәртіпке ... құл болмайды».

- A) көнбеген
- B) сенбеген
- C) бас иген
- D) басынған
- E) төзбеген

18. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз

... індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде.

- A) вителиго
- B) гепатит
- C) коронавирус
- D) псориаз
- E) холера

"Американы алғаш ашқан Колумб" деп жазылып келсе, таяуда осы қателік түзетілді. Ғалымдардың зерттеуінше, Американы алғаш ашқандар арабтар екен. Атап айтқанда, Абдул-Рахим және Абдулла ибн Малик бастаған теңізшілер екен. Олар Колумбтан 3 ғасыр бұрын ашқан болатын. Араб теңізшілерінің бірқатары сол күйі Америкада қалып қойған. Америкада қазір өмір сүріп жатқан үндіс-алгонкиндер – осы араб теңізшілерінің жергілікті үндістермен араласып-құраласуының нәтижесінде өмірге келген тікелей ұрпақтары. Ғалымдар қазір оқулықтан Колумбты алып тастап, оның орнына Абдул-Рахим мен Абдулла ибн Маликтің атын жазды. Яғни, тарихи әділеттілік қалпына келді.

19. Бос орынды толтырыңыз.

Мәтіндегі ойда Американы ашқан -

- A) арабтар
- B) үндістердің ұрпақтары
- C) еуропалықтар
- D) американдықтар
- E) үндістер

20. Мәтіндегі қосымша ақпаратты табыңыз.

- A) Америкаға 3 ғасыр бұрын араб теңізшілері барды.
- B) Американы ашқан Христофор Колумб емес екен.
- C) Американы ашқан араб туралы ғалымдар жазды.
- D) Американы Абдул-Рахим, Абдулла ибн Малик бастаған теңізшілер ашты.
- E) Американы кімдердің ашқанын ғалымдар анықтады.

21. Сұраққа мәтін мазмұнына сай жауап беріңіз.

Америкада өмір сүріп жатқан үндіс-алгонкиндер кімдердің ұрпақтары?

- A) үндістер мен жергілікті арабтардың
- B) гректер мен үндістердің
- C) арабтар мен гректердің
- D) арабтар мен жергілікті үндістердің
- E) көшіп келген арабтардың

Алоэ – үй ішінде өсірілетін, әсем де денсаулыққа пайдалы әрі кең таралған өсімдік түрі. Бұл өсімдік халықтық және медициналық тәжірибеде кең қолданылады.

Алоэ лалагүлділер тұқымдасына жатады, оның жапырағының сөлін емдікке пайдаланады. Оның кейбір түрі шырмауық тәріздес, мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді. Мағынасы «ащы» дегенді білдіреді.

22. Асты сызылған сөздің мәтіндегі мағынасын табыңыз.

Алоэ – үй ішінде өсірілетін, әсем де денсаулыққа пайдалы әрі кең таралған өсімдік түрі.

- A) өте танымал
- B) тармақталып өсетін
- C) үйде өсетін
- D) далада өсетін
- E) пайдасы көп

23. Мәтіндегі негізгі ойды табыңыз.

- A) дәмінің ащы екендігі
- B) жапырақтарының жалпақтығы
- C) үй ішінде өсірілетіндігі
- D) суға төзімділігі
- E) денсаулыққа пайдалы екендігі

24. Мәтіндегі «ащы» сөзінің мағынасына жақын сөздер қатарын табыңыз.

- A) қою, тәтті
- B) кермек, дәмді
- C) кермек, қышқыл
- D) қышқыл, тәтті
- E) тәтті, дәмді

Әлемде жалғыз-ақ вексиллология (вексиллюм – ту деген латын сөзінен шыққан, вексиллология – ту туралы ғылым) институты бар. 1973 жылы Лондонда вексиллологтердің бесінші конгресі өткізіліп, оған 14 елден 57 делегат қатысты. Конгрестің төрағасы болып вексиллология институтының директоры американдық Уитни Смит сайланды. Смит конгресте өзі басқарған институттың нәтижелі жұмыс істеп жатқанын зор интузиазммен хабарлап, оған мысал ретінде Оңтүстік Американың Гайана мемлекеті институт жасаған ту суретінің жобасын қабылдағанын айтты.

25. Асты сызылған сөздің мәтіндегі мағынасын табыңыз.

Әлемде жалғыз-ақ вексиллология институты бар.

- A) елтаңбаларды қарастыратын ғылым
- B) ту туралы ғылым
- C) мемлекеттер туралы ғылым саласы
- D) халықтар достығын зерттейтін ғылым
- E) ел жөніндегі ғылым саласы

26. Жауабы бар сұрақты табыңыз.

- A) Оңтүстік Американың туының қандай ерекшелігі бар?
- B) Америка туының авторлары кім?
- C) Ту туралы өткен конгреске неше мемлекеттен делегат қатысты?
- D) Американың туы қай мемлекеттің жалауына ұқсайды?
- E) Гайана мемлекетінің туы қандай?

27. Мәтін мазмұнын қорытындылаңыз.

- A) Бесінші конгресс мемлекеттік ту болуы керектігі туралы қаулы шығарды.
- B) Конгреске барлық мемлекеттен делегаттар қатысты.
- C) Гайананың туы – вексиллологтар жұмысының нәтижесі.
- D) Американың туы – Лондонда жасалған ту.
- E) Ұлыбританияның туы – вексиллологтардың алғашқы туындысы.

Жер бетіндегі ерекше тіршілік иелерінің бірі – тасбақа орта есеппен 200 жылдай өмір сүреді. Тасбақалардың ұзақ жасауының құпиясы ішкі ағзаларына байланысты. Олардың ішкі ағзалары қартайғанда да жастық шағындағыдай жұмыс жасайды екен.

28. «Тасбақа» сөзінің жасалуы

- A) қосарлану
- B) қысқару
- C) бірігу
- D) тіркесу
- E) қайталану

29. Сұраққа жауап беріңіз.

Тасбақалар қартайғанда ішкі ағзаларының қызметі қалай өзгереді?

- A) қызметі нашарлайды
- B) жұмысын баяулатады
- C) жұмыс қарқынын азайтады
- D) өзгеріссіз жұмыс жасайды
- E) орта есеппен екі есе төмендейді

30. Бос орынды толтырыңыз.

Тасбақалар ... тіршілік етеді.

- A) бір жыл
- B) бірнеше сағат
- C) екі ғасырдай
- D) ұзақ өмір сүрмейді
- E) жиырма жыл